



Автор: Бакеева Турсынгуль Дошняязовна
Пән: Өзін-өзі тану
Сынып: 3- сынып
Бөлім: Адам болам десеңіз
Тақырып: Жомарттық пен кеңпейілділік

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Білімділік: оқушыларға жомарттық пен кеңпейілділік ұғымдарын қамқорлық қасиеті арқылы түсіндіру; Дамытушылық: оқушылардың айналасындағы адамдарға қайырымды іс жасау қасиетін дамыту; Тәрбиелік:оқушыларды қайырымдылыққа , қамқорлыққа , жанашырлыққа тәрбиелеу.
Сабақтың мақсаты:	оқушыларға жомарттық пен кеңпейілділіктің адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу.
Тілдік мақсаттар:	адамдармен үйлесімді қарым-қатынас жасауға , жағымды сөйлеуге үйрету
Күтілетін нәтиже:	айналасындағы адамдарға кеңпейілділік танытып , жомарттық көрсетеді
Бағалау критерийлері:	адамдарға деген жанашырлығы , қайырымдылығы , қамқорлығы артады
Құндылықтарды дарыту:	жанашырлық , қайырымдылық , қамқорлық қасиеттерін дамыту арқылы сүйіспеншілік құндылығын жарыққа шығару
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Жағымды күйге келу кезінде "Путь сердца" релаксациясы және "Біз өмірдің гүліміз" әнінің музыкасы компьютер арқылы қосылады.
Пәнаралық байланыс:	қазақ тілі , әдебиеттік оқу , музыка
Бастапқы білім:	адамдармен жағымды қарым-қатынас дағдылары

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Сәлемдесу.5Т қадағалау.Жағымды күйге келу.	"Путь сердца" релаксациясы
Сабақтың ортасы	Үй тапсырмасын тексеру:Ы.Алтынсариннің «Жомарт» әңгімесін талдау:- Атымтай жомарттықты қалайша түсіндірді? -жомарт адамдардан қандай үлгі алуға болады? -жомарт адам болу үшін қандай іс-әрекеттер жасау керек деп ойлайсыңдар? -сеніңше жомарттықты тағы қалай көрсетуге болады? -өзіңнің қамқорлық көрсеткен кезің болды ма? -қандай қайырымды іс жасадыңдар? -қандай жағдайда жанашырлық таныттың? Дәйексөз «Адамның қадірлісі-жомарт кісі» Ж.Баласағұни 2-рет ер балаларға , 2- рет қыз балаларға айтқызу , бірге қайталау.Дәптерге жазу. Әңгімелеу М.Сүндетов «Қайырымдылық» -Мұқтар қайдан келе жатыр еді? - жолда ол не көрді? -Мұқтардың қандай қасеттерін байқадыңдар? -өздерің осындай жағдайды кездестірдіңдер ме?Не істедіңдер? -сен қандай жанашырлық таныттың? -біреудің қайырымды ісі туралы баяндап бере аласың ба? Шығармашылық жұмыс: оқулықтағы 2-тапсырманы орындау. Топпен ән айту: Ә.Дүйсенбиев пен Б.Ғизатовтың Біз өмірдің гүліміз әнін бәрге орындау.	Өзін-өзі тану оқулығы 99 бет
Сабақтың соңы	№22 сабаққа Е.Өтетілеуұлының «Жомарт» әңгімесін оқып және мазмұндап келу	Өзін-өзі тану оқулығы 101-102 бет
Рефлексия	Соңғы тыныштық сәті:Аяқ-қолымызды аяқастырмай , түзеліп отырып , бүгінгі сабақта айтылған жақсы сөздер мен істерді жүрегімізге сақтап алайық.Сабақ аяқталды! Сау болыңыздар!	.